

№

381

« 02 » 09 2025

**2025-2026 оқу жылында
білім беру ұйымдарындағы
тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары» және оған енгізілген өзгерістерді (2019 ж. №1005, 2020 ж. №949, 2025 ж. 8 мамырдағы өзгерістер) басшылыққа ала отырып, мектеп оқушыларын сапалы және қауіпсіз ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Әлеуметтік педагог М.Д.Нәлібаеваға:

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.
2. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.
3. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
4. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

5. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде уақыттың ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.
 6. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).
 7. Әлеуметтік жағынан осал санаттағы оқушылар ҚРҰ №64 қаулысының талаптарына сәйкес тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
 8. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қарастырылсын.
 9. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.
 10. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақытылы берілсін.
 11. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын.
 12. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.М.Кемелбек